

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 1 қыркүйектегі N 868 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 29 сәуірдегі N 470 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 26 тамыздағы № 846 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 26.08.2013 № 846 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Радиоэлектронды құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды тіркеу» мемлекеттік қызмет көрсету стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 1 қыркүйектегі № 868 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 50, 458-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспе мына редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 34-бабына, «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1, 15-2 баптарына және «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2), 3) тармақшаларына, 29-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:»** ;

көрсетілген қаулымен бекітілген «Радиоэлектронды құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды тіркеу» мемлекеттік қызмет көрсету стандартында:

1-тармақтың екінші бөлігі алынып тасталсын;

5-тармақ «куәлікті» деген сөзден кейін «не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап» деген сөздермен толықтырылсын;

7 - тармақта :

а) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«осы Стандарттың 11-тармағында көзделген құжаттар пакетімен қоса өтінішті беру және инспекцияның кеңсесінде тіркеу - 30 минут;»;

в) тармақша алынып тасталсын;

9-тармақтағы «күн сайын» деген сөздерден кейін «жұмыс күндері» деген сөздермен толықтырылсын;

14-тармақ алынып тасталсын;

21-тармақтағы «Инспекция басшылары» деген сөздер «Инспекциялар бастықтары мен функциялары мемлекеттік қызмет көрсетуге байланысты қызметкерлері» деген сөздермен ауыстырылсын;

22, 23-тармақтарда «күн сайын» деген сөздерден кейін «жұмыс күндері» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 23-1 тармақпен толықтырылсын:

«23-1. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда тұтынушы заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*